

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№28				
<i>Күндері</i>	14 -18.03.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Өнер көзі - халықта				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; наурыз айында болатын ертеңгіліктер мен мерекелік кештер туралы ақпарат беру.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын (подоконник) дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу.

Ойындар (үстел үсті, саусак, дамытушы ойындары)	"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны. Мақсаты: тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.	"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау.	"Ұқсайды - ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, пішіні, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу.	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімімен киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе өлең орындау.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Бойыңды сергек тік ұста, Демінді ішке тез алда. Емін-еркін тыныста. Сол қолыңды соз алға, Қол ұшына қара да. Үшбұрыш сыз ауада. Оң қол да бос тұрмасын, Шеңбер жасап зырласын.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Кастрөл бізде ботқа пісірді, Оны орамалмен жауып тастады. Ол оны орамалмен жауып, бізді күтеді, Ботқаға кім бірінші келеді?				
	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!	"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстармен ажырата білу, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы: педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балаларды өз таңдауын түсіндіруге шақырады.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!	"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне деген қызығушылығын арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз.
---	--	--	--	--	---

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Тәй-тәй басып келеміз" ойыны. Мақсаты. Балаларға «тұсау кесу» дәстүрі жөнінде мәліметтерді беру, ұлттық ойындармен таныстыру; Наурыз мейрамы туралы білімдерді қалыптастыру. <i>Сөздік жаттығу, "Қолымнан не келеді".</i> Сурет салу "Бас орамал оюлары". Мақсаты. Баланы шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып, оюлармен безендіруге үйрету. <i>Саусақ жыттығуы. "Ою саламыз".</i> Дене шынықтыру "Айгөлек, би билейміз дөңгелеп!" Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету; қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеуді	Музыка "Киелі домбыра". Мақсаты. Балалардың қазақтың киелі аспабы домбыра туралы түсініктерін кеңейту; музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттерін дамыту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру. <i>"Арқан тарту" ойыны.</i> Математика негіздері "Асықтарды санайық". Мақсаты. Балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру; жұп заттарды тұтастыру	Орыс тілі "Это моя семья". Члены семьи. Цель. Учить слушать и понимать русскую речь, касающуюся темы «Семья», проговаривать все слова, обозначающие членов семьи, а также их уменьшительно-ласкательные формы, называть предметы пользования, учить подбирать сочетания слов, состоящих из имени существительного и глагола, согласовывая окончания. <i>Словесное упражнение "Кто что делает?" с использованием мнемокарточек.</i> Дене шынықтыру "Өнерлі балалармыз". Мақсаты. Балаларда өз бетінше сапқа тұру, шеңбердегі өз орнын табу дағдыларын қалыптастыру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; балаларда алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. <i>"Өз түсіңді тап" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде	Жапсыру "Еркежан әжейдің әдемі орамалы". Мақсаты. Балаларды шаршының (Еркежан әжейдің орамалы) ортасына, бұрыштарына қазақ ою-өрнектерін жапсыруға үйрету; сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру. <i>Саусақ жаттығуы.</i> Қоршаған ортамен танысу "Ұшақ". Мақсаты. Балаларды әуе көлігі ұшақпен таныстыра отырып, ұшақтың маңызы туралы мәліметті зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; ұшақтың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшақтың құрылысымен таныстыру; ұшақ туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталай білуге дағдыландыру. <i>Дидактикалық ойын: "Ұшақтың бөлшектерін құрастыр".</i>	Жаратылыстану "Төрт түлік". Мақсаты. Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру. <i>"Төлдерін ата" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Аттап секіреміз". Мақсаты. Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау. <i>"Кім біріңші" (доппен) қимылды ойыны.</i>
---	--	---	--	--	---

	үйрету. <i>"Айгөлек" пысықтау ойыны.</i>	және беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін тиянақтау; қазақтың ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру. <i>Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы.</i> <i>"Асықтардың тең жұптары".</i>	Тақырыбы: Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге сүт әкелді! Мақсаты: Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелеуге үйрету. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға баулу. Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтатынын қадағалау, қимыл – қозғалыстарын көрсете білуін дамыту.		
--	---	---	---	--	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". Мақсаты: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" Мақсаты: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". Мақсаты: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Қуып жет". Мақсаты: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.	Көктем мезгілінің белгілерін бақылау. Мақсаты: көктем мезгілінің белгілерін бақылауды жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Өз жолыңды тап". Мақсаты: балаларды өздерінің еңбек дағдыларын қолдана білуге үйрету, құрдастарына көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". Мақсаты: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	Көктемде қайың ағаштарын бақылау. Мақсаты: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. Мақсаты: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". Мақсаты: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". Мақсаты: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру.	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: бақылау дағдыларын дамыту; сыпырушының жұмысына құрметпен қарауды тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Өз жұмысыңды тап". Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді соқ". Мақсаты: ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту. Балалардың алып шыққан ойыншықтарымен өзіндік әрекеттері.	Шыршаларды бақылау. Мақсаты: балалардың шыршаның құрылымына тән белгілері, оны басқа ағаштардан ажырататын белгілері бойынша тану қабілетін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды қоқыстардан тазарту). Мақсаты: еңбексүйгіштікке, жұмысты аяқтауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп өт". Мақсаты: серуендеу кезінде балалардың дене белсенділігін арттыру; ұқыптылықты, ептілікті, төзімділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ұзын арқаннан секіруді жақсарту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері.				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, қағаз қиындыларынан киіз үйді құрастыру. Педагог: - Балалар, қазір біз "Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты: алдарыңда киіз үйді құрастыратын қиындылар бар. Мен ретімен киіз бөліктерін атап отырамын, сендер ойланбастан сол бөлікті тез алып, қағаз бетіне қойып, құрастырып шығасыңдар. Кідіріп қалған жұмыстар есепке алынбайды. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға киіз	"Сүттен жасалатын тағамдарды ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың сүттен жасалатын тағамдарды ажырату іскерліктерін дамыту. – Балалар, қазір біз "Сүттен жасалатын тағамдарды ата" ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінесіңдер. Орындықтарға жайғасып алыңдар. Енді, мен музыканы қосамын, сол музыка аяқталғанша, сендер топпен ақылдасып, қандай сүттен жасалатын тағамдар бар, соларды атайсыңдар. Қай топ тағамдар санын көп айтады, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог: – Балалар, маған	"Дастарқанды жаямыз" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға үстелге қойылатын ыдыстар мен азық-түліктерді атап айтқызу, қонақ күту дәстүрімен таныстыру. Барысы: балалардың алдында дастарқанды жаю тәртібі көрсетіледі. Бір бала шақырылып педагогтің тапсырмасын орындайды. Кезекпен дастарқанға қойылған ыдыстар аталып, қажеті анықталады.	"Қонақ күтеміз" сөздік жаттығуы. - Мінекей, қонақтар келіп қалыпты. Олар сендерге шашу сыйлайды. Кәмпіттен шашу жасау. Балалар кәмпіттерді теріп алғаннан кейін, орындарына отырады. - Ал, қонақтар, мерекелі дастарханнан дәм татып, шай ішіңдер! (шай құюды көрсету) - Балалар, мен Данаға: "Дана, бауырсақ же" - деп ұсынамын. - Салтанат, сен қонжыққа не дейсің? "Қонжық, шелпек же! Ас болсын!" - Іңкәр (Батыр, Жомарт), Данаға (қонаққа) сен не дейсің? Дұрыс, шай іш (бауырсақ же).	"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: судың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру. - Балалар, қазір біз "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты мынадай: мен "Су" дегенде судың қасиеттерінің біреуін орындарыңнан тұрып айтасыңдар. Екі топқа бөлініп, жауап беруге дайындалыңдар. Қай топ жылдам, әрі дұрыс жауап берсе, сол топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог ойынды өзі басқарып отырады. Жақсы орындаған топтың балаларына сарқырама бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.

	үй бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.	портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші! Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.			
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: “Жапалақтар ” (3-4 рет ойнатылады). Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; күн мен түн мерзімдерін ажырата алуға тәрбиелеу. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді. Жапалақтар күндіз ұйықтайды, ал түнде керісінше оянады. Тышқандар күндіз жапалақтар ұйықтағанда үйлеріне жету керек. Тәрбиеші түн болды дегенде жапалақтар үйіне жете алмаған тышқандарды қуады.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы: бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары шатасып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын)." және т.б..	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек.	"Әдептілік" тақпағын айтқызу. Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Әдептілік" (Өмірбай Өмірзақов). Рұқсатсыз бақшаға, Бақыт тіпті бармайды. Көрнеу қойған ақшаға, Суық қолын салмайды. Айтқан ақыл өзінің Есінен бір кетпейді. Жолда үлкен кісінің Алдын орап өтпейді.	"Биші" тақпағын айтқызу. Мақсаты. Бала тілін дамыту. "Биші" (Тоқбай Исабеков). Биле, Алмашжан, билеші, Әжең көріп, жасарсын. Билей берсең күнде осы, Шара апаңнан асарсың.	Артикуляциялық жаттығу. "Сағат" - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. "Саңырауқұлақ" - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.	Наурыз айында болатын мерекелер жайлы әңгімелесу және ақылдасу.	Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу.	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер.	Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз".